

**Қазақстан Республикасы Президентінің Францияға ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 17 наурыз 1993 ж. N 202

Қазақстан Республикасының Француз Республикасымен одан әрі ынтымақтасуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1992 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің Францияға ресми сапары барысында қол қойылған, "Қазақстан Республикасы мен Француз Республикасы арасындағы достық, өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы шартты", Күрделі қаржыны көтермелеу және өзара қорғау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы келісімді" жүзеге асыру жөніндегі шаралардың жоспары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Министрліктер мен ведомстволар, облыс, Алматы және Ленинск

қалаларының әкімдері шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындаудың нақты шараларын қолдансын.

3. Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақ-француз жұмыс тобының қазақ бөлігі (Ежиков-Бабаханов Е.Г.) министрліктер мен ведомстволардың қазақ-француз келісімдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметі үйлестірілуін қамтамасыз етсін.

Шаралар жоспарының орындалу барысы туралы Министрлер Кабинеті хабардар етіліп тұратын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 17 наурыздағы  
N 202 қаулысымен  
Бекітілген

1992 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің Францияға ресми сапары барысында қол қойылған "Қазақстан Республикасы мен Француз Республикасы арасындағы достық, өзара

түсіністік және ынтымақтастық туралы шартты",  
"Күрделі қаржыны көтермелеу және өзара қорғау  
туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Француз Республикасының Үкіметі арасындағы  
келісімді" жүзеге асыру жөніндегі шаралардың

Жоспары

(Кесте)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК